# «ПЕДАГОГ-ЗЕРТТЕУШІЛЕРДІҢ» АВТОРЛЫҚ МАТЕРИАЛДАРЫН ОБЛЫСТЫҚ САРАПТАМАЛЫҚ КЕҢЕСТЕ ҚАРАУ АЛГОРИТМІ

## МЕРЗІМДЕР МЕН ШЕКТЕУЛЕР

### Материалдарды қабылдау мерзімдері

**1-тоқсан:** а.ж. 5 қаңтарынан 1 наурызына дейін
**2-тоқсан:** а.ж. 5 сәуірінен 1 маусымына дейін
**3-тоқсан:** а.ж. 5 тамызынан 1 қыркүйегіне дейін
**4-тоқсан:** а.ж. 5 қазанынан 1 желтоқсанына дейін

### Қарауға қабылданбайтын материалдар:

- оқу жүктемесі (сағаты) көрсетілмеген элективті (факультативтік) курстардың авторлық бағдарламалары;
- әдістемелік немесе оқу жобалары;
- сабақ жоспарлары (қысқа мерзімді жоспарлар);
- жұмыс дәптерлері;презентациялар;
- тесттер және бақылау тапсырмаларының жинақтары;
- бақылау-өлшеу материалдары;
- бейнематериалдар және аудиоматериалдар;
- пәндер бойынша жұмыс бағдарламалары;
- дәрістер жинағы.

## ҚҰЖАТТАРДЫҢ НЕГІЗГІ ТОПТАМАСЫ

### Ілеспе құжаттар

1. Аудандық/қалалық білім бөлімі басшысының облыстық СК-де (сараптамалық кеңес) авторлық материалдарды қарау туралы **ҰСЫНЫСЫ** (фирмалық бланкте жасалады);
2. Педагогтің авторлық материалдарды СК-де қарау туралы **ӨТІНІШІ**;
3. Нәтижелілігінің толық сипаттамасымен, білім беру процесіндегі өзгерістердің кестелері, диаграммалары ұсынылған авторлық материалдарды **апробациялау туралы** білім беру ұйымы басшысының **АНЫҚТАМАСЫ** (білім беру ұйымы басшысының қолымен және мөрімен расталады);
4. **ПІКІРЛЕР** (РЕЦЕНЗИЯЛАР) – 2 (бейіні бойынша педагогтер, ғылыми дәрежесі немесе ғылыми атағы бар ғылыми ұйымдардың қызметкерлері; «педагог-зерттеуші», «педагог-шебер» біліктілік санаты бар бейіні бойынша педагогтер; әдіскерлер рецензент бола алады. Пікірге рецензент қол қойып, білім беру ұйымының мөрімен расталуы тиіс);
5. Білім беру ұйымының және қалалық/аудандық білім бөлімінің **әдістемелік кеңесі хаттамасынан КӨШІРМЕЛЕР**;
6. Педагогтердің pdf пішіміндегі **авторлық материалы** (титулдық парақ және титулдық парақтың сыртқы жағы міндетті түрде ұсынылады);
7. Kaspi қосымшасы арқылы антиплагиат төлемі туралы түбіртек – **2 АЕК.**

## ПРОЦЕСС ЖӘНЕ БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

1 – 2 – 3

### Қарау кезеңдері

**1-кезең** – техникалық сараптама:
- Антиплагиатқа тексеру;
- Ілеспе құжаттардың бар-жоғын тексеру;
- Техникалық рәсімделуінің сәйкестігін тексеру.

**2-кезең** – авторлық материалдардың құрылымы мен мазмұнын сараптау, пікір жазу (рецензиялау).
**3-кезең** – пленарлық отырыс.

**Материалдарды тапсыру**
Материалдар келесі электрондық мекенжайға қабылданады: **umc.kenes@karagandyedu.kz**

**РӘСІМДЕУГЕ ҚОЙЫЛАТЫН МАҢЫЗДЫ ТАЛАП**
Әрбір құжатты тізбеге сәйкес нөмірлеп, қол қою қажет (мысалы, 3. Ахметова А.К. апробация туралы анықтама)

# ПЕДАГОГТАРДЫҢ АВТОРЛЫҚ МАТЕРИАЛДАРЫ

<table>
<tr><td>3.</td><td colspan="5">Тәжірибені жинақтау және тарату</td></tr>
<tr><td rowspan="3">3.1.</td><td rowspan="3">Ұсынылған оқу-әдістемелік материалдар немесе бағдарламалар<br><br>Ескерту: Егер педагог білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен немесе уәкілетті орган жанындағы РОӘК ұсынған оқулықтар, оқу-әдістемелік кешендер және оқу-әдістемелік құралдар тізіміне енгізілген жарияланған оқулықтардың, оқу-әдістемелік құралдардың авторы (тең авторы) болса, оған 4 балл қойылады.</td><td colspan="4">дәлелдемелердің болуы: оқу-әдістемелік кеңестің хаттамасынан үзінді, материалдарға сілтеме</td></tr>
<tr><td colspan="2">Дидактикалық материалдар (тапсырмалар жинағы, сабақтарды әзірлеу (сабақтар, іс-шаралар) жұмыс дәптерлері, тренажерлер) немесе оқу, әдістемелік құралдар немесе әдістемелік ұсынымдар</td><td>Оқуәдістемелік құралдар, әдістемелік ұсынымдар немесе авторлық бағлардамалар</td><td>Авторлық бағдарламалар</td></tr>
<tr><td>білім беру ұйымы ның әдістемелік кеңесі</td><td>аудан/қала білім бөлімінің оқу-әдістемелік кеңесі</td><td>ББ жанындағы оқу-әдістемелік кеңес немесе білім беру саласын да уәкілетті органның жанындағы РОӘК (Ы. Алтынсарин атындағыҰлттық білім академиясы)/ ТжКОБКББ ұйымдары үшін білім беру саласындағы уәкілетті орган жанындағы РОӘК/ РҚББОӘО жанындағы РОӘК/ АИББД ҰҒПО жанындағы РОӘК</td><td>білім беру саласында уәкілетті органның жанындағы РОӘК (Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы)/ ТжКОБКББ ұйымдары үшін білім беру саласындағы уәкілетті орган жанындағы РОӘК/ РҚББОӘО жанындағы РОӘК/АИББД ҰҒПО жанындағы РОӘК</td></tr>
</table>

# АВТОРЛЫҚ МАТЕРИАЛДАРДЫҢ ТҮРЛЕРІ

| Салыстыру критерийі | ТАПСЫРМАЛАР ЖИНАҒЫ (PISA/ОЖСБ форматы) | ЖҰМЫС ДӘПТЕРІ (Workbook) | ОҚУ ТРЕНАЖЕРІ (Drill-құрал) | ТЕСТТЕР ЖИНАҒЫ (БӨМ) | САБАҚ ЖОСПАРЛАРЫНЫҢ ЖИНАҒЫ (Әдістемелік құрал) |
|---|---|---|---|---|---|
| **НЕГІЗГІ МАҚСАТ** | **Функционалдық сауаттылықты дамыту** және білімді өмірде қолдана білу. | Оқушының **өз бетінше жұмысын ұйымдастыру** және оқулықты **толықтыру**. | Дағдыны автоматтандыру (іс-әрекетті қалыптасқан деңгейге дейін жеткізу). | Оқу жетістіктерінің деңгейін **диагностикалау** және **өлшеу**. | **Тәжірибе бөлісу** және әріптестерге әдістемелік қолдау көрсету. |
| **ҚҰРЫЛЫМДЫҚ БІРЛІГІ** | **Кластер**: Мәтін (Стимул) + Оған берілген сұрақтар сериясы. | **Сабақ** (Модуль): Навигация – Теория – Практика – Рефлексия. | **Жаттығулар блогы**: Үлгі + Бір типті мысалдар сериясы. | **Тест тапсырмасы**: Сұрақ (Стем) + Жауап нұсқалары. | **Технологиялық карта:** Сабақ жоспары + Ресурстар. |
| **АҚПАРАТТЫҢ СИПАТЫ** | Контекстік: Тұтас емес мәтіндер, диаграммалар, карталар, нақты өмірлік жағдайлар. | Іс-әрекеттік: Толтыруға арналған кестелер, кескін карталар, алгоритмдер, нұсқаулықтар. | Алгоритмдік: Формулалар, ережелер, еліктеуге арналған мысалдар. | Тексеру: Екіұдай түсінуге жол бермейтін нақты сұрақтар. | Сипаттамалық: Сабақ барысы, мұғалім мен оқушының іс-әрекеті. |
| **ТАПСЫРМА ТҮРЛЕРІ** | Кешенді, ситуациялық, талдау мен интерпретацияны қажет ететін тапсырмалар. | Бос орындарды толтыру, сурет салу, сәйкестендіру, шағын зерттеулер. | Бір типті, қайталанатын, бір бетте тығыз орналасқан жаттығулар. | Жабық (жауапты таңдау), сәйкестікті анықтау, жүйелілікке қою. | Әдіс-тәсілдердің, ойындардың, нұсқаулықтардың сипаттамасы. |
| **НЕГІЗГІ ҚҰЖАТ** | Мазмұн матрицасы (тапсырманың оқу мақсатымен байланысы). | Навигациялық аппарат (шартты белгілер-пиктограммалар). | Пайдаланушы нұсқаулығы (жұмыс алгоритмі). | Спецификация (уақыт, сұрақтың салмағы, балдардың бөлінуі). | Күнтізбелік жоспарлау (сабақтың жүйедегі орны). |
| **БАҒАЛАУ ЖҮЙЕСІ** | Рубрикаторлар: Деңгейлердің егжей-тегжейлі сипаттамасы (0, 1, 2 балл). | Өзін-өзі бағалау: Жетістік парақтары, смайликтер, прогресс шкалалары. | Мониторинг: Уақытты және қателер санын тіркеу кестесі. | Кілттер: Дұрыс жауап кодтары (1 / 0 балл). | Авторлық рефлексия: Әдістеменің тиімділігін талдау. |
| **ҚОЛДАНЫЛУЫ** | ОЖСБ, PISA-ға дайындық, сыни ойлауды дамыту. | Әр сабақта (жай дәптердің орнына) және үйде. | Олқылықтарды түзету, техниканы (есептеу, жазу) пысықтау. | БЖБ, ТЖБ, ҰБТ, қорытынды бақылау. | Педагогті аттестаттау, іс-тәжірибені жинақтау. |

# АВТОРЛЫҚ МАТЕРИАЛДАРДЫҢ ТҮРЛЕРІ

| Басылым түрлері | Мақсатты аудитория | Негізгі мақсат | Мазмұнының ерекшеліктері |
|---|---|---|---|
| **ОҚУ ҚҰРАЛЫ** | Білім алушылар /тәрбиеленушілер | Оқулықтағы материалды кеңейту немесе толықтыру | Теория + Практика.<br>Жаттығулардан, тапсырмалардан, хрестоматиялық материалдан тұрады |
| **ӘДІСТЕМЕЛІК ҚҰРАЛ** | Педагогтер (кейде білім алушылар да) | Оқу үрдісін ұйымдастырудағы көмек | Әдістемелердің сипаттамасы, сабақ сценарийлері, сабақ жоспарлары, дидактикалық материалдар.<br>«Не үйрету керек?» және «қалай үйрету керек?» деген сұрақтарға жауап береді |
| **ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР** | Педагогтер, ата-аналар, ұйымдастырушылар | Белгілі бір мәселе бойынша әрекет алгоритмін беру | Нұсқаулық сипаты.<br>Нақты кеңестер, қадамдық алгоритмдер, типтік қателерді талдау.<br>«Қалай істеу керек?» деген сұраққа жауап береді |

# АТТЕСТАТТАУ 2026

1. **2026 жылғы кезектегі аттестаттау:** 2020 жылғы желтоқсан, 2021 жылғы көктем.

2. **Аттестаттау платформасы 2026 жылы:** «педагог-зерттеуші», «педагог-шеберл», білім беру ұйымдарының басшылары және олардың орынбасарлары аттестаттаудан eGov.kz порталы арқылы өтеді.

3. **Біліктілік санатын растау немесе беру (ПББ тапсыру шарттары)**

- **Санатты растау:** «Педагог-зерттеуші» және «Педагог-шебер» санатын растайтын педагогтер ПББ (Педагогтердің білімін бағалау) **тапсырмайды**.
- **Санатты алу (алғаш рет):** Осы санаттарға алғаш рет үміткер болып отырған педагогтер тестілеуден **міндетті түрде өтеді**.

4. **Сабақты бақылау парақтарының саны:**

- 2024-2025 оқу жылы үшін – 5 парақ;
- 2025-2026 оқу жылы үшін – 5 парақ.